

**Кентау қалалық кәсіпкерлік және туризм бөліміне атқарған
жұмыстары мен 2019 бұйрықтарды қабылдау барысында
заңдылықтың сақталу барысына жүргізілген сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау туралы
АНЫҚТАМА**

Кентау қаласы

«29» 05 2020 жыл

«Кентау кәсіпкерлік және туризм бөлімі» ММ-нің Ережесіне сәйкес, бөлім басшысы бұйрық түрінде құқықтық актілерді қабылдайды. Бөлім басшысының бұйрықтарын тіркеу журналдары (Негізгі қызмет бойынша және жеке құрам бойынша бұйрықтарын тіркеу журналы т.б.) тігіліп, мөрмен бекітілген. 2019 жылы негізгі құрам бойынша 20, жеке құрам бойынша 34 бұйрықтар қабылданған.

1. Қабылданған бұйрықтарға құқықтық сараптама жүргізу барысында төмендегі кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда:

- «Кентау қалалық кәсіпкерлік және туризм бөлімінің 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларын қосымшаларымен қоса бекіту туралы» бөлім басшысының 04.01.2019 жылғы №4 бұйрығында басшылыққа алынған ҚР Ұлттық экономика министрілігінің 30.12.2014 жылғы №195 бұйрығының атауы көрсетілмеген. Аталған бұйрықтың атауы «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту)

қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы». «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 5-тармағының 1) тармақшасының талабына сәйкес, жеке-дара қолданылатын құқықтық акт деректемелерінде құқықтық актінің атауын қамтуға тиіс.

- Бөлім басшысының 22.01.2019 жылғы №5 бұйрығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бекітілген. Стандартта бөлім қызметкерлерінің мінез-құлық ережелері, тыйымдар мен шектеулер белгіленген. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 23-бабының 2-тармағы б) тармақшасына сәйкес «жұмыскерді еңбек тәртіптемесі қағидаларымен, жұмыс берушінің жұмыскердің жұмысына (еңбек функциясына) тікелей қатысы бар өзге де актілерімен және ұжымдық шартпен таныстыруға міндетті» деп көрсеткен. Ал, аталған стандарт бөлім қызметкерлеріне жазбаша таныстырылмаған.

2. Көрілген тәртіптік жауапкершіліктер бойынша:

- Бөлім басшысының 13.11.2019 жылғы №17 «Тәртіптік жаза қолдану туралы» бұйрығымен ақпараттық қауіпсіздік талаптарының жұмыстарын өз деңгейінде орындамағаны үшін бөлімнің хатшысы Е.Сержановқа «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

- Бөлім басшысының 29.11.2019 жылғы №19 «Тәртіптік жаза қолдану туралы» бұйрығымен, Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының 11.11.2019-29.11.2019 жыл аралығында тексеру барысында анықталған

іссапар шығындарына артық қаражатты аударғаны үшін, бөлімнің статистигі Д.Азизбаеваға «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

3. 2019 жылдың 12 айында бөлім талапкер немесе жауапкер ретінде азаматтық істер бойынша сот отырыстарына қатыспаған.

4. Орын алған заң бұзушылықтар бойынша прокуратура, басқа да құзырлы органдар тарапынан ұсыныстар мен наразылықтар т.б. қадағалау актілері бойынша:

- Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен бюджет қаржыларының жұмсалыуына және 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізілген. 29.11.2019 жылғы аудиторлық есепке сәйкес, жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында кемшіліктер анықталған. Атап айтқанда:

Тексеру барысында мекеме тарапынан 24.05.2016 жылғы 4823502/16-171 төлем шотымен 12321 теңге мекеменің қызметкері А.Сыздықовқа аударылған, алайда мекеме басшысының бұйрығы және іссапар куәлігі болмағаны анықталған, яғни 12321 теңге негізсіз аударылған (*қаржы қайтарылған*).

Бұл ретте ҚР Үкіметінің 22.09.2000 жылғы №1428 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы Ереженің» 2-тармағының және ҚР Бюджет кодексінің 97-бабы 6-тармағының талабы сақталмаған.

Сонымен қатар, мекемемен мемлекеттік сатып алуды бәсекелестік негізінде өткізбестен «Қазақтелеком» АҚ-мен мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырған, атап айтқанда ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 39-бабы 3-тармақтың 1-тармақшасының негізінде 27.01.2017 жылғы №936479 шарт жалпы сома 743999,99 теңгеге түзілген.

Бұл ретте, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабы 3-тармақтың 1)тармақшасының (*табиғи монополия салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ энергиямен жабдықтаудың көрсетілетін қызметтерін сатып алу немесе электр энергиясын кепілдендірген берушімен қоса электр энергиясын сатып алу-сату*) талаптары сақталмаған(*бөлімнің 29.11.2019 жылғы №19 бұйрығымен бөлімнің статистигі Д.Азизбаеваға «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған*).

- бөлімнің күзетшісі Н.Хаировтың және еден жуушы А.Жузтаеваның еңбек ақылары және ақылы еңбек демалыстары дұрыс есептеліп берілмейтіні жөнінде облыстық еңбек инспекциясына жазған арыздары бойынша еңбек инспекторы Қ.Асылбековпен тексеру жүргізілген.

Еңбек инспекторы Қ.Асылбековтың тексеру қорытындысы бойынша 06.11.2019 жылғы актіге сәйкес, мекеменің 06.09.2019 жылғы №29-ж бұйрығымен Н.Хаировқа 2019 жылғы 9 қыркүйек – 2 қазан аралығында 24

күнтізбелік күнге кезекті еңбек демалысы берілген. Алайда, Н.Хаировқа 47473 теңге көлеміндегі еңбек демалысының ақысы тек 27.09.2019 жылы №4823502/19-266 төлем тапсырамасымен оның жеке шотына аударылып, ҚР Еңбек кодексінің 92-бабы 4-тармағының талабы сақталмағаны анықталған.

Сонымен қатар, жұмыс беруші тарапынан жалақы төлеу кезінде әрбір жұмыскерге тиісті кезең ішінде оған тиесілі жалақының құрамдас бөліктері, жүргізілген ұстап қалулардың мөлшерлері және төленуге тиісті жалпы ақша сомасы туралы мәлімет жазбаша немесе электрондық нысанда ай сайын хабарланбайтындығы анықталып, ҚР Еңбек кодексінің 113-бабының 2-тармағының талабы бұзылғаны анықталған.

Облыстық еңбек инспекциясының еңбек инспекторы Қ.Асылбековпен жүргізілген тексеруде анықталған заң бұзушылықтарды жоюға 06.11.2019 жылғы №ҚА-19 Нұсқамасы берілген. Анықталған заң бұзушылықтар бойынша тәртіптік жауапкершіліктер қаралмаған.

5. Жеке және заңды тұлғалардан түскен арыз өтініштерді қарау бойынша кемшіліктер орын алмаған.

6. Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Кентау қаласы бойынша 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары жалпы бөліммен атқарылғанымен, бірқатар іс-шаралардың орындалуы төмен деңгейде.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10-бабының талабына сәйкес, бөлімнің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты 22.01.2019 жылғы №5 бұйрықпен бекітілген.

Талдау барысында аталған кемшіліктерді орындауға шұғыл шараларды қабылдауды бөлім басшысы мен жауапты маманға тапсырылып түсіндірілді.

Жоғарылардың негізінде талдау жүргізу барысында сыбалас жемқорлық тәуекелдеріне жағдай туғызатын мән-жайлар анықталмады.

ҰСЫНЫМ:

1. Алдағы уақытта заң бұзушылыққа жол бермеу, алдын алу шаралары профилактикасын үздіксіз ай сайын жүргізіп, құқықтық семинар кеңестерді өткізу;

2. Құқықтық актілерді (бұйрық) дайындау барысында заңнамалық актілердегі баптарға жасалған сілтеме сәйкестігіне зерделеу жүргізу;

3. Бөлімнің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттын қызметкерлерге таныстыру;

4. Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Кентау қаласы бойынша 2018–2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарындағы іс-шаралардың сапалы


орындалуын және атқарылған жұмыстар туралы сапалы мәліметті белгіленген мерзімде жолдануын қамтамасыз ету.

5. Ішкі талдау нәтижесімен анықталған кемшіліктерге жол берген бөлімнің жауапты қызметкерінің тәртіптік жауапкершілігін қарау.

Таныстым: _____

Кентау қалалық кәсіпкерлік және
туризм бөлімінің басшысы
Қ.Төлепбергенов
«29» 05 2020 жыл

Қала әкімінің орынбасары, аппарат
басшысының м.у.а.,
жұмысшы топ төрағасы



Б.Алимбетов

Жұмысшы топ хатшысы,
қала әкімі аппаратының заң және
құқық қорғау органдарымен жұмыс
жүргізу бөлімінің бас инспекторы



С.Ажығабылов